

СОЦИОЛОГИЯ

Г.С. Әбдірайымова, Г.Ә. Кенжакимова, К.М. Примбетов

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ, МӘСЕЛЕЛЕРІ ЖӘНЕ БОЛАШАҒЫ (терең сұхбат нәтижесі бойынша)

Қазіргі қоғамдағы білім берудің жеке бір мемлекеттің әлеуметтік және экономикалық ілгерілеуі мен ұлттық қауіпсіздігін қамтамасыз етудің факторы ретіндегі мәні өсуде. Білім берудің қоғам мен индивидуумға ықпалының көптігі әлеуметтік және экономикалық өзгерістер сипатынан, сондай-ақ қоғамдық қарым-қатынастар жүйесіндегі өзгерістердің білім беруден мобильділікті, жаңа уақыт талабына сай адекватты жауапты талап ететін сипатынан көрініс табады.

Қазақстанның Болон декларациясына қол қоюымен, Қазақстанның әлемдік білім беру кеңістігіне қосылуына байланысты жоғары білім беруді жетілдіру мен модификацияның, жоғары оқу орындарының академиялық саясатының мазмұнын қайта қарау және жаңа ұрпақтың негізгі білім беру бағдарламаларын өңдеу қажеттілігі туындады. Қазіргі таңда елде жоғары білім беру жүйесін модернизациялаудың қарқынды процесі жүріп жатыр. Олар: кадрларды дайындаудың көп деңгейлік жүйесін жүзеге асыру, білім беру қызметі спектрінің кеңейтілуі, жаңа мамандықтардың пайда болуы, жоғары оқу орындарында құрылымдық қайта құрулардың жүргізілуі.

Дегенмен білім беру жүйесіндегі түбегейлі өзгерістерді түсінудің әртүрлі деңгейі бұл саладағы қойылған міндеттерді тиімді және толықтай қамтамасыз етпейді. Осы жағдайды ескере отырып, Қазақстандағы жоғары білім беру жүйесін қайта құрудағы білім беру процесіне субъектілердің жалпы қарым-қатынасын, сондай-ақ олардың жақын арадағы және ұзақ мерзімді болашақта нені күтетіндігін меңгеру мақсатында сапалы зерттеу жүргізілді.

Зерттеудің мақсаттық тобы (объектісі) – жас ғалымдар – жаратылыстану, техникалық

және әлеуметтік ғылымдар саласы бойынша арнайы дипломдары бар мамандар. Сұхбатқа 25 пен 35 жас аралығындағы 10 адам қатысты.

1. Қазақстанның жоғары білім беруіндегі модернизация: қазіргі жағдайы мен болашағы. Қазақстанның жоғары білім беру жүйесінде Қазақстанның Болон процесіне интеграциялануына байланысты әртүрлі тенденциялар орын алуда, атап айтқанда оқытудың кредиттік технологиясына негізделген кадрларды дайындаудың үш деңгейіне – «бакалавриат-магистратура-PhD докторантура» толық өту жүзеге асырылуда; жоғары білім беруді ғылымиландыруға аса назар аударылуда (жаңа басылымда ҚР-дың «Ғылым туралы» Заңы қабылданды). Дегенмен академиялық ортадағы бұл қайта құрылымға қарым-қатынас кереғарлықпен сипатталады. Мысалы, терең сұхбаттың көптеген қатысушылары (67%) **білім берудің жоғары сапасына жету үшін жаңа өзгерістерді енгізудің мақсаттылығы мен тиімділігін** мойындайды:

✓ *«Қазіргі таңда Қазақстан Республикасының ЖОО-ның жаңа кезеңге – Болон процесі стандарттарына толықтай өтудің кезеңіне өтудегі трансформация процесі жүзеге асырылуда. Нақты мысал – жоғары білім берудегі құрылымдық өзгертулерге бағытталған ҚР-дың «Ғылым туралы» Заңының қабылдануы. Кеңес Одағы ыдырағаннан кейін ЖОО-ы мен өндіріс арасында байланыс жоғалды. Жоғары білім беру трансформациясы бойынша ҚР-дың ҒБМ-мен қабылданған шаралар бұл мәселелерді толықтыруға бағытталған. Сонымен қатар, қазіргі таңда білім беру саясатының басты міндеттерінің бірі болып табылатын зерттеу жұмысымен айналысатын университеттерді құру туралы міндеттер қойылды»;*

✓ «Болон Конвенциясы білім беру сапасын жақсартуға – оқытудың кредиттік технологиясы бойынша студенттердің сабақтарына өз бетінше дайындалуға ықпал етеді. ҚР-дың «Ғылым туралы» қабылданған Заңы Қазақстанның жоғары білім беру жүйесін дамытуға ықпал етеді»;

✓ «Жаһандық және интеграциялық процестерден басқа білім беру жүйесінде басқаларға онша түсінікті емес, бірақ сарапшылар үшін түсінікті бұл – гуманизация және білім берудің гуманитаризациясы; білім беру диверсификациясы (білім беруге ықпал ететін жеке секторлардың ықпалының күші), компьютерлендіру, ақпараттандыру сияқты басқа да өзгерістер жүргізілуде».

Сонымен қатар жас ғалымдар отандық ғылымның теориялық дәлелділігі мен пайдалығына толықтай сенімді екендіктерін, сондай-ақ қазақстандық ғалымдардың әлемдік ғылымның дамуына айтарлықтай үлес қоса алатындықтарын айтады:

✓ «Қазақстан әлемдік қауымдастықта, сондай-ақ білім беру кеңістігінде өзіне лайықты орынды иеленуі тиіс. Біздің жүйені басқалардан артта қалып қояды деп айтуға болмайды. Кейбір реформалар бойынша біз Ресей мен ТМД-ның басқа елдерінен алдамыз. Қазақстандағы жоғары білім берудің теориялық негізі өте мықты. Бұл жағдайдағы тек бір кемшілік – білім берудің тәжірибелік қырының, яғни тәжірибенің болмауы. Ғылыми айналымда «білім тек жеке бір мемлекеттің ғана емес, бүкіл елдің жетістігі болып табылатын білім транснационализациясы» сияқты термин қолданылады. Біз Батыс Еуропаның, АҚШ және т.б. теорияларын оқимыз. Сондай-ақ, егер басқа елдерде аз қызығушылықты тудырмайтын қазақстандық ғалымдардың еңбектері мен теорияларымен таныс болса жақсы болар еді. Бұл еңбектер әлемдік ғылыми қауымдастыққа таныстырылуы тиіс».

Сонымен қатар, білім беру жүйесіндегі қандай да бір өзгерістерге қарсы ақпарат берушілер тарапынан сыни бағалар берілуде. Олардың ойынша, жиі жүйелік-ұйымдастырушылық қайта құрылымдар білім беру сапасын жоғарылатуға емес, керісінше қол жетілген деңгейдің төмендеуіне ықпал етеді:

✓ «Кадрларды дайындаудың «магистратура – PhD докторантура» жүйесін енгізуді тіпті дұрыс емес деп санаймын. Кеңес дәуірінде біздің білім беру ең күштісі ретінде саналған. Кандидаттық немесе докторлық диссертациялар жылдап дайындалып, жазылатын. 2-3 жыл ішінде магистр немесе PhD докторанттарды дайындау мүмкін емес деп санаймын»;

✓ «Жалпы, жоғары білім беру жүйесіндегі жиі өзгерістер жақсы қорытындыға алып келмейді. Қандай да бір нақты үлгіні қабылдап, сол бойынша жүру қажет».

Жалпы барлық ақпарат берушілер ғылым, ғылыми-техникалық өңдеулер, өндіріс пен жоғары білім беруді сабақтастыруды жоғары білім беру модернизациясының тиімділігін қамтамасыз етудің басты шарты екендігін бірауыздан атаған:

✓ «Біздің Қазақстанда үлкен және мықты шикізаттық база бар. Өндірісті көтеру, басқа елдердің тәжірибелерін меңгеру үшін халықаралық ынтымақтастықты белсендіру қажет»;

✓ «Өндіріспен байланысты орнату қажет. Қымбат тұратын жобалар мен өзіміздің ғылыми еңбектеріміздің қорытындылары бойынша біз құнды нәтижелерді алудамыз, бірақ олар жүзеге асырылмай қалып жатыр»;

✓ «Қазақстанда барлық өндіріс орындары мен ұйымдар студенттерді тәжірибеден өтуге қабылдауға келісе бермейді, басқаша айтқанда, ынтымақтастық үшін олар жабық. Сондай-ақ студенттерді жұмысқа қабылдауда олар студенттерден жұмыс тәжірибесін талап етеді»;

✓ «Ерекше көңілді ғылымды дамытуға, жаңа технологияларды енгізуге, сонымен қатар ғылыми мекемелер мен кәсіпорындардың интеграциясын қамтамасыз етуге аудару тиіс. Ғылыми зерттеулер фундаментальді сияқты қолданбалы сипатта да болуы тиіс».

«Студенттер пәнді, оқытушыларды таңдауда еркін», «Студенттер жақсы нәтиже беретіндей, оқуының бір жылын шетелдік ЖОО-нда өткізу мүмкіндігіне ие» сияқты оң алға жылжуларға қарамастан, көптеген респонденттер оқытудың кредиттік жүйесіне өтуді тоқтатын түрткі жайттар ретінде қазақстандық студенттердің менталитетінің, оқу-ғылыми құрал-жабдықтарының ескіру ерекшеліктерін санайды:

✓ «Біздің студенттер өз бетінше емес, тек оқытушының қинауы бойынша жұмыс істеуге үйренген»;

✓ «Оқытудың кредиттік технологиясы пәндерді өз бетінше оқуды білдіреді. Дегенмен бізде бұл принцип тек ресми түрде ғана жүзеге асырылады. Сонымен қатар студенттерде өз бетінше дайындалу менталитеті жоқ. Келесі мәселе – ЖОО-ның қазіргі материалдық-техникалық базалармен қамтамасыз етілмеуі. Барлық ЖОО-ы өздеріне прогрессивті құрал-жабдықтарын сатып алу мүмкіндіктеріне ие емес. Жаңа құрал-жабдықтарды оқып-меңгеру тек теориялық деңгейде ғана жүзеге асырылуда».

Қазақстанның Болон процесіне қосылуының нақты болашағына қатысты білім беру

жүйесінде жүргізіліп жатқан реформаларға жақтаушылар мен қарсылар арасындағы ой-пікірлер әртүрлі болды. Мысалы, терең сұхбатқа қатысушылардың жартысынан көбі (67%) қазақстандық жоғары білім берудің қазіргі әлемдік стандарттарға жақындауы мен бейімделуіне қол жеткізуінен болашақты көреді. Сонымен қатар **барлық деңгейде белсенді студенттік және оқытушылық қатысу**, сондай-ақ мемлекеттік қолдау әлемдік білім беру кеңістігіне елдің табысты интеграциясының басты шарты болып табылады:

✓ «Қазақстанның Болон процесіне қосылуына байланысты білім беру мен ғылымның дамуы үшін мүмкіндіктер өседі»;

✓ «Біз Болон процесіне қосылдық. Бұл жағдайда ғылыми қауымдастықтың TEMPUS, TESIS, Erasmus Mundus сияқты көптеген халықаралық жобаларға қатысу белсенділігі қажет, сонымен қатар инициатива тек оқытушылар тарапынан ғана емес, студенттер тарапынан да болуы тиіс. Студенттер ағылшын тілін, компьютерлік технологияларды жақсы меңгерген. Бірақ мемлекеттің қолдауынсыз бізге бәрібір қиын»;

✓ «Қазақстанда диплом ала отырып, алынған білім халықаралықпен тең болғандықтан біздің жастар шетелден жұмыс таба алады».

Дегенмен жоғары білім берудің дамуының болашағы кейбір ақпарат берушілерді қуантпайды және олар үшін анық емес:

✓ «Қазақстандық диплом әлемнің барлық елдерінде мойындалады дейді. Бірақ, меніңше, Еуропада біздің дипломмен санаспайтын болады. Бұның болашағын уақыт көрсетер. Мен осы уақытқа дейін болған жүйенің жақтаушысымын, ол – ғылым кандидаты, докторы ғылыми деңгейді иеленетін неміс жүйесі болатын. Кеңес жүйесі оны 1933 жылы немістерден қабылдады»;

✓ «Болон процесіне қосылуға қатысты анық, маңызды болашақты күтпеймін».

Болон процесі шеңберіндегі оқытудың кредиттік технологиясының нормативтері мен стандарттарын енгізу қиындықтары елдің кеңестік білім беру жүйесінің ескілігінен құтыла алмауымен байланысты туып отырғандығы анықталды. Алға қойылған міндеттерге жету үшін уақыт және ғылым мен білім беруді қосымша қаржыландыру қажет:

✓ «Білім берудің барлық саласында кең тараған жоғары білім берудің ескі кеңестік жүйесі Болон конвенциясының принциптері мен стандарттарын меңгеру процесін бәсеңдететін адам санасын өзгертуге кедергі болды. Бірақ бұл кезеңдегі процесс ел Президенті мен үкіметке қойылған міндеттердің арқасында жылдамдыла бастады»;

✓ «Бізде басқа менталитет, біз кредиттік жүйеге жылдам қадаммен өтіп кете алмаймыз».

Жалпы, жас ғалымдар Қазақстан Республикасының «Ғылым туралы» жаңа Заңын «инновациялы» деп қабылдап, онымен үлкен үміттерді байланыстырды:

✓ «Бұл заң біз үшін инновациялы, өйткені бұл заңдағы тұстар бұл уақытқа дейінгі заңда көрсетілмеген болатын. Мен PhD доктор ұстанымын анықтауға, зерттеу университеттерін құру және т.б. сияқты мәселелерді айтып отырмын»;

✓ «Заңдағы негізгі назар ғылыми жобаларды жүзеге асыру үшін қосымша инвестицияны тартуға аударылып отыр. Жобалар өз шығынын өздері өтейтін, инвесторларды өздері тартатын болады. Жалпы, мен қанағаттанамын».

Жас ғалымдардың ойынша, «Ғылым туралы» жаңа Заң білім беру саласына анықтылықты енгізеді және **бірқатар заңдық күші бар актілерді қабылдағаннан** кейін ғана пайдасы тиеді. Өйткені жаңа басылымдағы заңда өңделмеген және қамтылмаған көптеген мәселелер бар:

✓ «Мен заңның жалпы ережелерімен таныспын, бірақ қазіргі таңда заңдық күші бар актілер жоқ, дегенмен олар заң бекітілгеннен кейін шығуы тиіс»;

✓ «Заңда барлығы жалпы түрде жазылған. Нақты бейне 15 заңдық күші бар актілер қабылданғаннан кейін ғана қалыптасады».

Ақпарат берушілерді **диссертациялық кеңестің жабылып қалуына** байланысты қорғап үлгермегендердің тағдырлары алаңдатады:

✓ «Диссертациялық кеңестің жабылуына байланысты бізді ғылым кандидаттарымен ары қарай не болатыны ойландырады. Мен енді Ресейде қорғауды жоспарлап отырмын»;

✓ «Кері қыры көптеген кандидаттық және докторлық жұмыстардың қорғалмай қалуы болып табылады, олар ары қарай не істейтіндерін білмей жүр».

Қазақстандағы жоғары білім берудің тұрақты дамуының механизмдері ретінде мыналар ұсынылады: **ғылымның жоғары оқу орындық секторын, әсіресе, зерттеу университеттерін дамыту бағдарламаларын қаржыландыру; оқытушылардың оқу жүктемесін төмендету; фундаменталдық ғылыми зерттеулерді ұйымдастыру және өңдеу үшін жағдай жасау.**

Жоғары білім беру сапасы және ЖОО-ындағы ғылыми-педагогикалық кадрлардың кәсібилігі. Зерттеу қазақстандықтардың жоғары білім беруден болашақ өмірлік табыс пен мәңгілік кепілін көретіндігін, оның бар болуы қоғамның әлеуметтік құрылымындағы адам ұстанымын жоғарылату және нығайтудың сапалы көрсеткіші болып табылатындығын көрсетеді:

✓ «Жоғары білім беру болашаққа есік ашады. Адам жоғары білімсіз болашақта ертеңі болмайды»;

✓ «Егер кеңес кезеңімен салыстыратын болсақ, қазір егер адам дамығысы келсе, онда жоғары білім алуы тиіс. Және қазіргі таңда бізде барлық жағдай жасалған. Егер бұрын адам бір ғана ЖОО-ды таңдайтын болса, қазір бірнеше ЖОО-н, бірнеше мамандықты таңдай алады»;

✓ «Дипломы бар адам жақсы жұмысқа тұра алады, ол қоғамның белгілі бір деңгейінде тұрады. Біздің елде білімсіз адамдар жоқ»;

✓ «Білім беру мен білім қазіргі күннің құндылығы болып табылады».

«Жоғары білім алудың мотивациясының сипаты «қала-ауыл» аймақтық контекстке байланысты ерекшеленеді ме?» деген сұраққа терең сұхбатқа қатысушылар жоғары оқу орнына түсу ниетінің ерекшелігі оның тұрып жатқан аймағына байланысты ажыратылатындығын айтады. Мысалы, ауылдық жерлердегі тұрғындар үшін «жоғары оқу орнына түсу» – сәтті өмірлік жол, ауылдан кетудің, сонымен қатар материалдық жағдайды жақсартудың мүмкіндігі. Ірі қалалар мен аудандарда жоғары білімді иелену үлкен құндылық және әлеуметтік мобильділіктің өзіндік бір арнасы болып табылады. Мысалы, Қазақстанның солтүстік және шығыс аймақтарының мектеп бітірушілері Ресей ЖОО-на түсуге бағытталса, қала жастары шетелге кетіп қалуға ұмтылады:

✓ «Ауыл тұрғындары қалада тұрғысы келеді. Ал қалалық оқушылар шетелде оқығылары келеді».

Сондай-ақ ақпарат берушілер жоғары білім беру туралы диплом алудың уәждемесі мен аймақтық түрткі жайттар сипатының арасында тікелей корреляциясының жоқтығын мәлімдейді.

✓ «Менің ойымша, қалалық және ауылдық тұрғындардың уәждемелерінің сипаты ешқандай да ерекшеленбейді».

Қазақстандық мамандарды дайындаудың сапасы халықаралық стандарттарға жақындатылып жатқандығы анықталды:

✓ «Қазақстандық жоғары оқу орындарының бітірушілері британдық және америкалық жоғары оқу орындарына жеңіл түседі».

Дегенмен, жас ғалымдардың пікірлеріне сәйкес жұмыс күші нарығының негізгі мәселесі болып экономикалық және заңдық бағыттағы мамандардың тым көп болуы және техника мен технология саласындағы кәсіби мамандардың жетіспеушілігі табылады. Осыған байланысты қазіргі таңда техникалық бағыттағы орта біліктілікті мамандар мәселесі өзекті болып қала береді:

✓ «Соңғы жылдары IT-технологияларын меңгерген студенттер университетті бітіргеннен кейін жұмысқа оңай орналасады, сонымен

қатар шетелде де. Бұл біздің әлемдік білім беру стандарттарына сай екендігімізді білдіреді. Біздің елдегі бағдарламалық қамтамасыз ету уақыт өткен сайын аяғына тұрып келеді. Ал «юриспруденция» сияқты мамандықтарымыз шетелдерде сұранысқа ие емес»;

✓ «Бәрімізге белгілі, біздің елде заңгерлер, экономистер, менеджерлер тым көп, ал еңбек нарығы тек оларды ғана қажет етіп қоймайды. Біздің нарықтың да өз ерекшелігі бар. Бізде өндіріс жоқ, тек токарь, темір ұстасы, сварщик, шахтер, бұрғылаушы сияқты мамандарды қажет ететін ірі кәсіпорындар бар. Сондықтан арнайы орта оқу орындарының қажеттілігі туралы сұрақ туындайды».

Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың дисбалансы теория мен тәжірибенің байланысының болмауы, ғылым мен өндіріс арасындағы байланыстың жоқтығы, нарықтық экономика талаптарына сай емес мамандарды дайындау сияқты бірнеше факторлардың болуымен түсіндіріледі:

✓ «Біз көбінесе теорияны оқытамыз, ал тәжірибе мен өндіріспен байланыс өте әлсіз. Өндірістік тәжірибе мен тәжірибелік база компоненттерін күшейту қажет. ЖОО-ы орта және кіші бизнеспен көптеп жұмыс істеулері, студенттік инновациялық компаниялар мен фирмаларды құрулары қажет»;

✓ «Қазақстанның нарықтық экономика елі болып табылмайтындығын мойындау қажет. Бізде жұмыстар еңбек нарығының қажеттілігіне сай емес, таныс, байланыс арқылы шешіледі»;

✓ «ЖОО-нда өндіріске шығаруға лайықты көптеген ғылыми жобалар бар, бірақ қаржының жетіспеуіне байланысты олар кейінге қалдырылып жатыр. Тек олардың 30%-ы ғана өндірісте жүзеге асырылуда. Шетелдік әріптестер біздің патенттерді сатып алып жатыр. Бұған мүмкіндік бермеу керек, бұл өңдеулердің барлығы Қазақстанда қалуы тиіс, бұл – біздің инновациялар».

Бұл сұрақты шешудің механизмдері болып білім беру стандарттарын, пәндердің оқу жоспарлары мен оқу бағдарламаларын өңдеуге қатысу, сонымен қатар еңбек нарығының бәсекеге лайықты жоғары білікті мамандарды дайындау негізінде университеттердің кәсіпорындар мен әлеуетті жұмыс берушілермен ынтымақтастығын қамтамасыз ету мамандықтарды дайындаудағы сапа мәселесі бойынша жұмыс берушілердің сұраныстарын оқып-меңгеру табылады:

✓ «Жоғары оқу орындарындағы элективтік пәндердің курстары өндіріске, жұмыс берушілердің сұранысына сәйкес өңделуі тиіс»;

✓ «Егер бітіруші белгілі білім, дағды мен қабілеттерді меңгерсе, сұранысқа ие болады».

Оған тек тәстілеуден, әңгімелесуден өтіп, өзінің мүмкіндіктерін көрсетуі керек»;

✓ «Университеттердің өндіріс орындарымен байланыстарын орнату қажет».

Жас ғалымдардың пікірлеріне сәйкес еңбек нарығының сұранысы мен ұсынысының тең баланста болуында **жастар мен оқушылар арасындағы мақсаттық бағытталған кәсіби бағыттылық жұмыс** жүргізудің де ролі зор, яғни оларды мамандықтардың мазмұны мен бағыттарымен ақпараттандыру, олардың кәсіби қызы-

ғушылықтарын қалыптастыру, талапкерлердің өздерін анықтауға ықпал ету.

В статье представлены результаты экспертных интервью молодых ученых о состоянии, проблемах и перспективах развития высшего образования в Республике Казахстан.

The results of expert interviews of young scientists on current state, problems and perspectives of higher education in the Republic of Kazakhstan are presented.

Г.О. Абдикерова, Ш.Е. Джаманбалаева

**РЕЦЕНЗИЯ
НА КНИГУ РОССИЙСКОГО УЧЕНОГО В.Н.АНТА
«СОЦИАЛЬНАЯ И КУЛЬТУРНАЯ ДИНАМИКА ОБЩЕСТВА»
(Уфа, 2011 г.)**

Экономические и социальные преобразования, происходящие во всех сферах жизни российского общества, актуализировали задачу изучения различных позиций в оценке перспектив прогрессивного развития.

Значимость этой проблематики обусловлена не только особой остротой вопросов, стоящих сегодня перед российским обществом, но и значимостью определения теоретико-методологических основ модернизации социума, путем осуществления экономической, политической, духовно-культурной, социальной типологии общества.

Тема исследования актуальна и обусловлена рядом обстоятельств.

Во-первых, сегодня направления и перспективы социальной и культурной динамики общества обуславливаются содержанием новых экономических, социально-политических и культурных изменений.

Во-вторых, кардинальные преобразования, затрагивающие все сферы деятельности и утрата прежних стандартов жизни в контексте тех глобальных изменений, которые переживает современное российское общество, породили растерянность у значительной части населения.

В-третьих, противоречия между потребностью утвердить себя в окружающем мире, реализовать себя в обществе и необходимость социальной адаптации и регуляции поведения, потребность быть свободным и наличие внутренней несвободы – все это неизбежно приводит к необходимости исследования современного общества.

Главная цель исследования – изучение реальной ситуации и перспектив развития общества в

новых социальных, культурных, экономических и политических условиях.

В качестве общеметодологических принципов работы автором используются: коммуникационный подход, теории информационного и энергетического анализа, социального и экономического моделирования.

Всестороннее объективное осмысление автором таких понятий, как «социальная энергия», «социальная модернизация», «интеллектуальная модернизация», «интегративное общество» и т.п. позволяет получить целостное представление о перспективах развития современного российского социума в условиях трансформационных изменений.

Исследование автора и его продолжение в перспективе имеет социально-политическое, культурное значение в условиях, когда активизируется процесс глобализации и актуализируется необходимость глобальной социальной трансформации на основе новых принципов социализации общества.

Смена социокультурной ситуации в России в конце XX в. потребовала переосмысления многих традиционных концепций, подходов, принципов и содержания гуманитарных наук в целом.

В работе большое внимание уделено роли и значению синергетической методологии. В современных условиях синергетика как актуальная методология исследования, как современный методологический подход сделала возможным установление связи между новой наукой и старыми представлениями о мире. Соционический и постмодернистский подходы наряду с синергетическим, по мнению автора, побуждают исследователя к тому, чтобы изучать не только